

Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру құқығын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 3 желтоқсандағы № 515 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 9 желтоқсанда № 37558 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру құқығын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр және тәрбие жұмысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі*

Ч. Аринов

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі
2025 жылғы 3 желтоқсандағы
№ 515 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне әуе көлігімен мемлекет есебінен жол жүру құқығын беру қағидалары

1. Осы Азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру құқығын беру қағидалары "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 8-тармағына сәйкес және азаматтық қорғау органдарының әскери қызметшілеріне (бұдан әрі - әскери қызметшілер) және олардың

отбасы мүшелеріне мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру құқығын беру тәртібін айқындайды.

2. Әскери қызметшілерге шетелдік оқу орындарына оқуға жіберу кезінде мемлекет есебінен оқу орнына дейін және кері әуе көлігімен жол жүру ұсынылады.

Шетелдік оқу орындарында оқитын әскери қызметшілерге тағылымдамадан өту үшін мемлекет есебінен әуе көлігімен Қазақстан Республикасына және оқу орнына қайту жол жүруі ұсынылады.

3. Әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру экономикалық сыныптың тарифі бойынша жүзеге асырылады.

4. Шетелдік оқу орындарында оқитын курсанттардың, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес өзге тәртіп көзделмесе, каникулдық демалыстарға жол жүруі оқу орнынан Қазақстан Республикасының шегінде өткізілетін демалыс өтетін жерге дейін және кері қарай әуе көлігінде мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

5. Егер шетелдік оқу орнында оқитын курсант тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының шегінде және одан әрі оқу орнына өткізілетін демалысқа шыққан жағдайда, оның жол жүруі мемлекет есебінен әуе көлігінде демалысты өткізу орнынан (жөнелту пунктінен) оқу орнына дейін жүзеге асырылады.

6. Әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне, курсанттар және мерзімді әскери қызметшілерінің отбасы мүшелерін қоспағанда, егер әуе көлігімен жол жүру құны темір жол (купе) немесе автомобильмен не су көлігімен жол жүру құнына тең немесе одан төмен болса, ал көліктің бірнеше түрімен жол жүру кезінде - олардың жол жүруінің жалпы құнына тең немесе одан төмен болса, мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру беріледі.

7. Мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру берілетін әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне мыналар жатады:

- 1) зайыбы (жұбайы);
- 2) кәмелет жасқа толмаған балалары;
- 3) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар кәмелетке толған балалар жатады.

Мемлекет есебінен әуе көлігімен жол жүру берілетін әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне адамдардың тиесілігі: азаматтық хал актілерімен (некені тіркеу, туу туралы куәліктер), жеке басын куәландыратын құжатпен, мүгедектігі туралы анықтамамен расталады.

8. Әскери қызметшілерге, курсанттарды қоспағанда және олардың отбасы мүшелеріне әуе көлігімен жол жүру әскери қызметшінің келісілген дәлелді баянаты және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің немесе оның азаматтық қорғаныс мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Курсанттардың әуе көлігімен жүруі курсанттың келісілген дәлелді баянаты және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі арнайы оқу орны бастығының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Баянат тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

9. Әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне әуе көлігінде мемлекет есебінен жол жүру шығыстарын өтеу: жеке басын куәландыратын құжат; отырғызу талоны; жол жүру құжаты; фискалдық чек; электрондық авиабилеттер берілген жағдайда – отырғызу талоны және құнының төленгенін растайтын құжат; азаматтық хал актілерінің (неке, туу туралы куәліктер) көшірмелері; мүгедектік туралы анықтама негізінде жүргізіледі.

10. Әскери қызметшілердің әуе көлігінде мемлекет есебінен жол жүру шығыстарын өтеуі:

1) қаржыландыру жоспары бойынша қаражат болған кезде – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің немесе оның азаматтық қорғаныс мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарының немесе Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің арнаулы оқу орны бастығының бұйрығы шыққан күннен бастап екі айдан кешіктірілмей;

2) қаражат болмаған кезде – жеке қаржыландыру жоспарына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.